

**2000 жылғы 6 және 10 қазанда Астана қаласында Кеден одағына қатысушы мемлекеттер Үкіметтері басшыларының кеңесі мен Мемлекетаралық кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 20 ақпан N 258

2000 жылғы 6 және 10 қазанда Астана қаласында Кеден одағына қатысушы мемлекеттер Үкіметтері басшыларының кеңесі мен Мемлекетаралық кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған 2000 жылғы 6 және 10 қазанда Астана қаласында Кеден одағына қатысушы мемлекеттер Үкіметтері басшыларының кеңесі мен Мемлекетаралық кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары және мүдделі

ұйымдары (келісім бойынша) Жоспарда көзделген іс-шараларды орындау жөнінде нақты шаралар қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2001 жылғы 20 ақпандағы  
N 258 қаулысымен  
бекітілген

2000 жылғы 6 және 10 қазанда Астана қаласында Кеден одағына қатысушы мемлекеттер Үкіметтері басшыларының кеңесі мен Мемлекетаралық кеңесі қабылдаған шешімдерді орындау жөніндегі іс-шаралар  
Жоспары

-----  
N ! Қабылданған құжат ! Іс-шара ! Орындаушы ! Орындау  
р/с! ! ! мерзімі

-----  
1 !        2        !        3        !        4        !        5  
-----

1 Мемлекетаралық Шарттың күшіне енуі Қазақстан 2001  
кеңестің "Еуразиялық жөнінде мемлекетішілік Республикасының жылдың  
экономикалық рәсімдерді өткізу Сыртқы істер ақпаны  
қоғамдастық құру министрлігі  
туралы шарт туралы"  
N 78 шешімі

2 Мемлекетаралық Мемлекетаралық Қазақстан 2001  
кеңестің "1999 жылғы кеңестің N 81 Республикасының жылдың  
26 ақпандағы Кеден шешімімен бекітілген Экономика және наурызы  
одағы және Біртұтас Іс-шараларды іске сауда  
экономикалық кеңестік асыру жөніндегі министрлігі  
туралы шартқа қатысушы қаулы жобасын  
мемлекеттердің дайындау және  
Экономикада келісілген Қазақстан  
құрылымдық қайта құру Республикасының  
жүргізу жөніндегі Үкіметіне енгізу  
2000-2005 жылдарға  
арналған негізгі  
бағыттары және оларды  
Іске асыру жөніндегі  
іс-шаралар туралы"  
N 81 шешімі

3 Үкіметтер басшылары Келісімнің күшіне Қазақстан 2001  
кеңесінің "Үшінші енуі жөнінде Республикасының жылдың  
елдердің тауарлары мемлекетішілік Экономика және наурызы  
мен қызметтерін Кеден рәсімдерді өткізуге сауда  
одағына қатысушы арналған құжаттар министрлігі  
мемлекеттер рыноктары. жобаларын дайындау  
на жіберуді реттеу және  
жөніндегі шаралар Қазақстан  
туралы келісімі Республикасының  
туралы" N 102 шешімі Үкіметіне енгізу

4 Үкіметтер басшылары 2000 жылғы 17 Қазақстан 2001

кеңесінің "Ортақ ақпандағы Кеден Республикасының жылдың  
кедендік тарифтің одағына қатысушы Экономика және сәуірі  
негізгі тізбесіне мемлекеттердің ортақ сауда  
енгізілген әкелім кедендік тариф туралы министрлігі  
кеден бажының келісімінің күшіне  
ставкаларын енуі үшін қажетті  
байланыстыру мерзімін мемлекетішілік  
ұзарту туралы" N 104 рәсімдерді өткізуді  
шешімі жеделдету

5 Үкіметтер басшылары 5.1. Қазақстан Қазақстан жыл  
кеңесінің "Кеден Республикасының салық Республикасының ішінде  
одағына қатысушы заңдарына талдау Мемлекеттік  
мемлекеттердің салық жүргізу кіріс  
заңдарын үйлестіру министрлігі,  
жөніндегі практикалық Қазақстан  
іс-қимылдарының Республикасының  
2000-2002 жылдарға Қаржы  
арналған жоспары министрлігі  
туралы" N 106 шешімі

5.2. Салық заңдарын Қазақстан -//-  
жақындастыру мен Республикасының  
үйлестіру жөнінде Мемлекеттік  
келісілген ұсыныстарды кіріс  
дайындау және оларды министрлігі,  
Интеграциялық Қазақстан  
комитетке ұсыну Республикасының  
Қаржы  
министрлігі

5.3. Салық заңдарын Қазақстан тұрақты  
үйлестіру жөніндегі Республикасының түрде  
іс-шаралардың Әділет  
орындалу барысына министрлігі  
бақылау жасауды  
жүзеге асыру

6 Үкіметтер басшылары Кеден одағына Қазақстан 2001

кеңесінің "Кеден одағы қатысушы мемлекеттер Республикасының жылдың туралы келісімдерге арасында жүк Көлік және ішінде қатысушы мемлекеттердің тасымалдауға арналған коммуникациялар сауда-экономикалық бәсекеге қабілетті министрлігі, ынтымақтастығын тарифтік ставкаларды Қазақстан жандандыру және өзара тиімді негізде Республикасының қаржы-экономикалық келісу жөніндегі Табиғи дағдарыс салдарын жұмыстарды жалғастыру монополияларды еңсеру жөніндегі реттеу, бірлескен іс-қимылдары бәсекелестікті туралы" 1999 жылғы 24 қорғау және қыркүйектегі шағын бизнесті хаттамасының орындалу қолдау жөніндегі барысы туралы" N 107 агенттігі, шешімі "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (келісім бойынша)

---

Мамандар:  
Багарова Ж.А.,  
Қасымбеков Б.А.